

FTAMP 03.09.00

<https://doi.org/10.26577/JH212120261>**Ж.Б. Кожобекова** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
e-mail: Kozhabekova1985@gmail.com

ҒҰН, ҮЙСІН, ТҮРІК ЖӘНЕ ҚЫТАЙ ПАТШАЛЫҚТАРЫ АРАСЫНДАҒЫ ӘУЛЕТАРАЛЫҚ НЕКЕ ДӘСТҮРІ

Мақала Хань дәуірінен ерте түркі дәуіріне дейінгі кезеңдегі отырықшы Қытай империялары мен Ұлы Даланың көшпелі державалары (хунну, усуні, түркі) арасындағы қарым-қатынас парадигмасындағы негізгі механизм ретінде әулеттік неке (хэцинь) тәжірибесін кешенді талдауға арналған. Дереккөздер ретінде тарихи-генетикалық, тарихи-салыстырмалы және нарративті әдістер арқылы зерттелген ресми қытай тарихи жылнамаларының жинақтары («Вэйшу», «Бэйшу», «Чжоушу», «Суйшу», «Таншу») пайдаланылды. Жұмыстың мақсаты «бейбіт және туыстық» қатынастарды орнату мен сақтау механизмі ретіндегі неке одақтарының саяси табиғатын, эволюциясы мен ерекшеліктерін анықтау болып табылады. Дереккөздер мен зерттеулерді талдау бұл тәжірибенің әртүрлі көшпелі бірлестіктермен өзара әрекеттесу кезіндегі үздіксіздігін көрсетеді, бұл хэциньді қытай империяларының сыртқы саясатының ғана емес, сонымен қатар солтүстік шекараларда қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған кешенді шекара саясатының жүйелік құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бастапқыда неке көшпенділерді бақылап ұстау үшін қолданылған болса, ал Қытайдағы бытыраңқылық дәуірінде (VI ғ.) қарсылас Қытай әулеттері бір-бірінен әскери-саяси артықшылық алу үшін Түркі қағанатымен одақтасуды қолдана бастады. Осылайша, әулеттік некелер қауіпсіздікті қамтамасыз ету стратегиясының толыққанды элементі болды және олар әскери, экономикалық және әкімшілік шаралармен тығыз үйлестірілді. Бұл оларды жағдайға икемделген жауап ретінде емес, ойластырылған ұзақ мерзімді құрал ретінде қарастыруға негіз береді.

Түйін сөздер: әулетаралық неке, «құдалық және неке одақтастығы» саясаты, хэцинь, Қытай патшалықтары, ғұн, үйсін, алғашқы түркі қағандары.

Zh.B. Kozhabekova

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
e-mail: Kozhabekova1985@gmail.com

Dynastic marriage diplomacy between the xiongnu, wusun, turkic, and chinese kingdoms

This article provides a comprehensive analysis of the practice of dynastic marriage alliances (*heqin*) as a key mechanism within the paradigm of relations between sedentary Chinese empires and the nomadic polities of the Great Steppe (Xiongnu, Wusun, Turks) from the Han period through to the early Turkic era. The source base comprises a corpus of official Chinese historical compilations (*Weishu*, *Beishu*, *Zhoushu*, *Suishu*, *Tangshu*), examined using historical-genetic, comparative-historical, and narrative methodological approaches. The study aims to elucidate the political nature, evolution, and specific characteristics of these marital unions as an instrument for establishing and sustaining “peaceful and kinship” relations. Analysis of the sources and scholarly literature demonstrates the continuity of this practice in interactions with various nomadic confederations. This permits the interpretation of *heqin* as a systemic component not merely of foreign policy, but of a comprehensive frontier strategy employed by Chinese empires, aimed at ensuring security and stability along the northern borders. Initially employed as a means of containing nomadic powers, the practice evolved during periods of Chinese fragmentation (e.g., the 6th century), when rival Chinese dynasties began to utilise alliances with the Turkic Khaganate to gain military-political advantage over one another. Consequently, dynastic marriages functioned as a fully-fledged element of security strategy, being closely integrated with military, economic, and administrative measures. This provides grounds for viewing them not as an ad hoc response, but as a deliberate, long-term instrument of statecraft.

Keywords: dynastic marriages, the policy of “matchmaking and marriage alliance”, *Heqin*, Chinese kingdoms, Huns, Wusuns, first Turkic Khagans.

Ж.Б. Кожобекова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
e-mail: Kozhabekova1985@gmail.com**Традиция династических браков между государствами
гуннов, усуней, тюрков и китайскими царствами**

Статья посвящена комплексному анализу практики династических браков (хэцинь) как ключевого механизма в парадигме взаимоотношений оседлых китайских империй и кочевых держав Великой Степи (хунну, усунь, тюрки) в период с эпохи Хань до раннетюркского времени. Источниковой базой служит корпус официальных китайских исторических сочинений («Вэйшу», «Бэйшу», «Чжоушу», «Суйшу», «Таншу»), исследованных с помощью историко-генетического, сравнительно-исторического и нарративного методов. Целью работы является выявление политической природы, эволюции и специфики брачных союзов как механизма установления и поддержания «мирных и родственных» отношений. Анализ источников и исследования демонстрирует преобладание этой практики при взаимодействии с различными кочевыми объединениями, что позволяет рассматривать хэцинь как системный компонент не только внешней, но и комплексной пограничной политики китайских империй, направленной на обеспечение безопасности и стабильности на северных рубежах. Если изначально браки использовались для сдерживания кочевников, то в эпоху раздробленности в Китае (VI в.) соперничающие китайские династии стали использовать союзы с Тюркским каганатом для получения военно-политического превосходства друг над другом. Таким образом, династические браки выступали полноценным элементом стратегии обеспечения безопасности, будучи тесно интегрированы с военными, экономическими и административными мерами. Это дает основания рассматривать их не как ситуативный ответ, а как продуманный долгосрочный инструмент.

Ключевые слова: династические браки, политика «сватовства и брачного союза», хэцинь, Китайские царства, гунны, усунь, первые тюркские каганы.

Кіріспе

Қытай патшалықтары мен солтүстіктегі көшпелі көршілері арасындағы қарым-қатынастың сан қырлы сипаты болды. Экономикалық, саяси-дипломатиялық, әлеуметтік-мәдени байланыстар толастамаған жаугершілік заманмен астасып жатты. Үздіксіз жауластықтан бөлек, көшпелі далалық мемлекеттер мен Қытайды жайлаған патшалықтарды сан ғасырлар бойы тағы бір құбылыс біріктірді. Қытайдағы Хань патшалығы мен солтүстіктегі ғұн елі арадағы «бауырластық» байланыстың белгісі ретінде қан араластыруды, яғни, қыз алысу дәстүрінің немесе «құдалық және неке одақтастығы» (хэцинь) саясатының негізін қалайды. Мұндай әулетаралық некенің қытайлық дәстүрінде екі түрі қалыптасты: сарайдан ұзатылу және сарайға түсу. Біріншісінде қытай ханшайымдары көшпелі ел билеушісіне аттандырылса, екіншісінде шет елдік әулеттің қызы император сарайына түсті (Намсараева, 2018: 159-160). Ғұн, үйсін, түрік сияқты далалық мемлекеттер мен қытай билеушілері арасындағы әулетаралық неке негізінен осы «сарайдан ұзатылу» дәстүрінде жүрсе де, түрік қағанының қызы «сарайға түскен» жекелеген жәйттер де тарихта қалды. Деректерге сүйенсек Хань әулетінің 13 өкілі ғұн және үйсін билеуші

әулетіне ұзатылған. Олардың алтауы ханшайымдар, ал жетеуі әулет өкілдері еді. Суй әулетіне дейінгі тарихи кезеңде әулетаралық неке тағы 30 рет орын алды (<http://www.chinaknowledge.de/History/Terms/heqin.html>).

Мемлекет аралық қарым-қатынасты реттеудегі әулеттік неке мәселесін зерттеу аса өзекті тақырыптардың қатарына жатады. Өйткені әулеттік байланыстар ортағасырлық мемлекеттердің сыртқы саясатының маңызды элементтерінің бірі болды. Билеуші әулеттер өкілдері арасында неке одақтарын құру әскери-саяси одақтар жасақтауды құралы, сондай-ақ билеушілердің саяси бағытының көрсеткіші болды. Бұл мәселелердің кейбір қырлары бірқатар зерттеушілердің еңбектерінде көрініс тапқан. Хазар мемлекетінің сыртқы және ішкі саясатындағы әулеттік неке мәселесін Тортика А. (Тортика, 2005), Михайлов М.И. (Михайлов, 2008), жужандардағы тақ мұрагерлігі мәселесіндегі әулеттік неке жағдайын Мухамадеев А.Р. (Мухамадеев, 2020), Қытайдың көрші елдермен қарым-қатынасындағы әулеттік неке рөлін Баринаова Е.Б. (Баринаова, 2012), Непомнин О.Е. (Непомнин, 2021), (Early modern dynastic marriages and cultural transfer, 2016) және т.б. қарастырды.

Осы уақытқа дейін тарихшылар мұндай некелерді ең алдымен саяси түрғыдан қарастырды.

Бұл жерде әлеуметтік және экономикалық мәселелерден бөлек, маңызды тақырып ол әйел рөлі қалыс қалады. Көп жағдайда отбасынан бөлініп, тілі, діні, тағамы және әдет-ғұрпы басқаша болатын оғаш ортаға баратын әйелдің жағдайы, оның сол ортаға бейімделуі мен кейінгі уақыттағы ықпалы немесе ескерусіз қалуы назарға алына бермейді. Сонымен бірге, екі ел арасындағы әулеттік некелер тұрақты бейбіт қарым-қатынасты қамтамасыз ете алмады деген мәселе де көп жағдайда шешімін таппады.

Деректер мен зерттеу әдістері

Зерттеу тақырыбымыздың негізгі деректерін қытайдың ресми тарихи жылнамалары құрайды. Қытайдың «Вэйшу» «Бэйшу» «Чжоушу», «Суйшу», «Таншу» жылнамаларының «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында аударылған нұсқалары қытай-түрік некелер тарихының ерекшелігін ашуға көмектесті [Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері, 2006]. Ғұн, үйсін кезеңіне қатысты некелер тарихы Н.Я. Бичуриннің (Бичурин, 1998), Н.В. Кюнер (Кюнер, 1961) мен В.С. Таскиннің (Таскин, 1968) баға жетпес еңбектеріне сүйеніп жазылды. Жиналған материалды өңдеп, тұжырым жасауға жалпы ғылыми әдістерге қоса тарихи зерттеулердің арнайы әдістері қолданылды. Атап айтқанда, әулеттік некелердің шығу табиғаты мен оның алғашқы түрік қағандары заманына дейінгі тәжірибесін, ғұн, үйсін, түрік заманындағы сабақтастығын анықтауда тарихи-генетикалық әдіс қолданылды. Салыстырмалы-тарихи және соның ішінде case study арқылы әулетаралық некелердің әр тарихи кезеңдегі ортақ белгілері мен ерекшеліктері анықталып, Сицзюнь, Цзею, Ван ханшайымдары мен Ашина ханым мысалы талданды. Сондай-ақ ханшайымдардың өмірбаяны мен тарихи оқиғаларды қамтуда нарратив әдісі де септігін тигізді.

Талқылау және зерттеу нәтижелері

Қытай және көшпелі далалық мемлекеттер арасындағы әулетаралық некеге қатысты бір-қатар зерттеулер бар. Алайда осы әулетаралық неке кезіндегі әйел бейнесін арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырған ғылыми ізденістер көп емес. Мәселен, С.Б. Намсараева Қытай империясы мен солтүстіктегі далалық ел билеушілері арасындағы «құдандалық немесе неке одақтастығы» негіздегі неке мәселесін жақсы

зерттеген. Әулетаралық неке табиғатын тарихи антропологияның әдістері арқылы ашуға тырысатын ғалым, ізденісіне Леви-Стросс теориясын басшылыққа алған. С.Б. Намсараева альянс некелердің орталықазиялық тамырын дәлелдеуге тырысады (Намсараева, 2018). Ғалым «хэцинь» дәстүрін негізінен кейінгі кезеңдердегі тәжірибесін баса назар аударғанымен, әулетаралық некелердің табиғаты мен шығу тегіне қатысты орынды тұжырымдар жасайды. Түрік қағанаты мен қытайдың Суй әулеті арасындағы әулетаралық некелер тарихына қатысты соңғы жылы М.И. Аманованың мақаласы жарық көрді. Автор жалпы «хэцинь» дәстүрінің қытай-түрік қарым-қатынасындағы орны мен, түрік ордасына түскен қытай ханшайымдарының тарихи орнына ашып көрсетуге тырысады (Аманова, 2024). Pan Yihong көшпелілер мен Қытай арасындағы неке одақтарын жан жақты талдаған өте құнды мақаласын шығарады. Автор Хань әулетінен бастап далалық мемлекеттерге ұзатылған қытай ханшайымдарының тарихи рөлін қытай деректері негізінде талдап шығады (Pan Yihong, 1997). Қытай жазығын мекендеген патшалықтар мен ғұн, үйсін және түрік елі арасындағы әулетаралық некелер тарихын көшпелілер мен Қытай арасындағы сан түрлі қарым-қатынастың шеңберінде ғана ғарастырған еңбектер (Л.Н. Гумилев. Р.Т. Ганиев, Н.Н. Крадин, т.б.) «хэцинь» саясатының жалпы тарихи маңызын ашуға көмектеседі.

Хань әулеті «хэцинь» саясатын алғаш рет солтүстігіндегі қауіпті ғұн еліне қолдана бастайды. Н.Н. Крадин бойынша хуннулар (ғұн, сюнну) мен Хань арасындағы қарым-қатынас төрт кезеңнен тұрған. 250 жылға созылған қытай ғұн қарым-қатынасының б.з.д. 200 жылдан бастап б.з.д. 58 жылға дейін созылған екі кезеңінде «құдандалық пен неке одақтастығы» саясаты қытай патшалығының ғұндармен арадағы қатынастың ресми құралы ретінде пайдаланылды.

Ғұн және қытай билеушілері арасындағы алғашқы әулеттік неке жайлы мәлімет Шицзыда келтірілген. Дерек бойынша Маодунь бастаған сюннуларды бағындыруға қытайдың қауқары жетпеді. Қытай болса ендігі жерде тек көрегендік танытып, алыстан арбайтын жоспар құрып ғана оларға ықпал ете алды. Бұл жоспардың мәні Маодуньнің ұлдары мен немерелерін қытайдың қызметшілеріне айналдыру еді. Алайда, императордың кеңесшісі Лю Цзиннің ойынша бұл жоспар қытай патшасының көңіліне жақпауы мүмкін еді. Лю Цзиннің бекер қауіптенген боп шықты, қытай билеушісі көздеген мақсатқа

жетуге септігін тигізетін жоспардан бас тартпайтынын білдіреді. Сонда Лю Цзин билеушінің үлкен әйелден туған қызын Маодуньге ұзатып, оған қоса бағалы сый сыяпатпен бірге жіберуді ұсынады. Оның жоспарынша қытай билеушісінің үлкен қызын алғанына масаттанған Маодунь одан туған ұлды өзінің мұрагері етіп жариялар еді. Бұл үл әкесінің қазасынан кейін тәңір құт болар да еді. Көзі тірісінде Маодунь билеушінің күйеу баласына айналады, ал одан кейін таққа қытай билеушісінің жиені отырар еді. Ал жиен немеренің нағашы атасына теңіндей қарауын бұрың соңды ешкім көрмеген. Соғыспай ақ сюннуларды өзіне бағындыру жоспары осылай құрылады. Гао-ди император бұған келісіп, Маодуньге үлкен қызын ұзатады. Алайда, деректе келтірілген мәліметке сүйенсек, императордың жұбайы Люй жалғыз қызын «варварларға» беруге қарсы болады. Сол кезде Гао-ди кулыққа барып, оның орнына басқа қызды жібереді. (Таскин, 1968: 71-72). Патшайым қызын беруге қимаған Маодунь Гао дидің өлімінен кейін дәл сол Люй патшайымның өзіне құда түседі (Бичурин, 1998: 53).

Осылай б.з.д. 198 жылы Хань императоры Каоцзу әулеті мен Маодунь әулеті арасындағы алғашқы әулеттік неке құрылады. Гао-ди қытай ханшасына қоса жібек мата, шарап, астық пен азық түлік аттандырады. Бұл әулеттік некенің негізгі мақсаты солтүстіктегі көршілердің шапқыншылығын тоқтатып, қыз беріп, қыз алысып «бауырлық» қарым-қатынас орнату болған (Бичурин, 1998: 53). Алайда бұл саясат Лю Цзиннің ойындағыдай болмады. Ғұндар ашпқыншылық әрекетінен бас тартпады. Қалай дегенмен, солтүстік көшпелілер мен қытай әулеттері арасындағы құдандалық байланыстың негізі қаланды. Хань әулетінен шыққан тағы бір ханшайым б.з.д. 192 жылы тәңірқұтқа ұзатылады. Осы кезеңнен бастап арадағы құдандалық елу жылға үзіліп қалады. Тек б.з.д. 141 жылы Ву император тәңірқұтқа өз әулетінен шыққан ханшайымды береді.

Ғұн мен Хань патшалығындағы әулетаралық неке оннан астам ғасырға жалғасқан «құдалық және неке одақтастығы» саясатының басы еді. Бұл саяси дәстүрдің әлі ережелері толық қалыптаспады. Негізгі белгілері айқындалмады. Бірақ, осыдан кейінгі дипломатиялық хат алмасу мен қарым-қатынас орнату немесе оны қайта жаңғырту мәселесінде дәл осы «құдалық және неке одақтастығы» (хэцинь) нарративі қайталанып отырды. Алғашында, бұл саясаттың екі жақ та

қабылдаған мызғымас шарты тәңірқұт ордасына аттандырылған қытай ханшайымдарына қоса Хань патшалығы молынан азық-түлік, орам-орам жібек мата жіберіп отыруы еді. Және де, бұл шарт «бейбітшілік пен туыстық» нарративін сақтаған хабарды қай жақ жолдағанына қарамады. Ғұн тәңірқұты қытай патшасына «туыстығымызды» жаңғыртайық деп хабар жіберсе де, қытай императорының қызы мен қоса азық-түлік пен жібек сұратты (Бичурин, 1998: 77).

Ғұн-қытай дипломатиялық қарым-қатынасының тиімді құралына айналған «бейбітшілік пен туыстық» келісімі үйсін мен қытай арасындағы байланыстың ең алғашқы кезеңінен бастап жүзеге аса бастады. Хэцинь саясаты ғұндар мен үйсіндерді бір-біріне айдап салуда оңтайлы қолданылды. Ву император ғұндарды жеңуді көздеп, оларға бағынышты үйсіндермен одақ құруға ұмтылады. Б.з.д. 118-115 жылдары үйсіндерге елшілік аттандырады. Сондағы көздегені екі ел арасында одақ құрып, оны әулетаралық некемен бекіту. Қытай деректерінде үйсін гуньмосына келген қытай елшілігі жайлы мәлімет бар. Сюннуларға бағынышты үйсіндерді өз жағына қаратып, осы әрекеті арқылы сюннулардың оң қолын шауып тастауды көздеген Цянь бастаған елшілік үйсін ордасына келеді. Сый-сыяпатты молынан әкелген қытай елшісі қойған шарты орындалған жағдайда гуньмоға әулеттен шыққан қыз ұзатылатынын да жеткізеді (Кюнёр, 1964: 115).

Үйсін билеушісі келісіп, б.з.д. 105 жылы Сицзюнь ханша гуньмо ордасына аттандырылады. Бұл ханша үшін гуньмо 1000 бас жылқы төлейді (Кюнёр, 1964: 120). Бір қызығы, бұл ханша шыққан отбасы императорға қарсы бас көтерді деген күдікке ұшырап, өлім жазасына кесілген еді. Ал Сицзюньның жазаға тартылмай үйсіндерге аттандырылғанын ескерсек, хэцинь саясаты кей жағдайда жазалаудың бір құралы да болуы мүмкін деген ой туындайды (Pan Yihong, 1997).

Дәл осы кезеңнен бастап әулетаралық неке құру қытай патшалықтарының «одақтық немесе достық қарым-қатынас» орнату саясатының ажырамас бөлігіне айналады. Үйсін-қытай арасында әулетаралық неке құрылғанын естіген тәңірқұт гуньмоға өз әулетінің қызын береді. Ғұн ханшайымы гуньмонь сол әйелі (үлкен), қытай ханшайымы оң (кіші) әйелі ретінде есептелді (Кюнёр, 1964: 120). Гуньмонь ғұн әйелі Сицзюнь ханшадан бір саты жоғары тұрды. Гуньмо ордасындағы мұндай иерархия түсінікті еді. Хань ханшасына қарағанда ғұн елінен шыққан

ханшаға деген көбірек құрмет сол уақыттағы саяси күш қатынасына тікелей тәуелді болды.

Жасы келген гуьнмо қарттығын алға тартып, немересіне Сицзюнь ханшаны алуды бұйырады (Кюнэр, 1964: 120). Алайда бұған қарсылық білдірген қытай ханшасы Ву патшаға хат жолдайды. Ву император Сицзюньға берген жауабында үйсін дәстүріне бағынып, ғұндарды әлсіретуге септесетін кез келген амалды орындауды бұйырады. Сицзюнь ханшаның гуьнмо ордасындағы тыңшылық қызметі жайлы дерек аз, алайда ханшаның ордада тек 5-6 жыл ғана өмір сүріп, дүниеден өткені белгілі (Holmgren, 1983). Екі арада қалыптасқан әулетаралық неке дәстүрін үзбей, одақтық қарым-қатынасты жалғастыру мақсатында б.з.д. 101 жылы Цзею ханша гуьнмо ордасына келеді.

Бір қызығы, бұл ханша да императорға қарсы бас көтерген әулеттің қызы еді. Цзею мен Сицзюнь ханшалардың тағдыры бірдей отбасыдан шығуы мынадай қорытындыға итермелейді. Хэцинь саясатының алғашқы кезеңінде қытай билеуші әулеттері көшпелілердің көсемдеріне өз әулеттерінен қыз беріп, әулетаралық неке орнатуға тырысты. Алайда, олар солтүстік көшпелілерді өздеріне тең көрмей, «варварлар» қатарына жатқызуын жалғастырды. Император әулетінен шыққан қыздарды жабайылардың көсеміне беру олар үшін ойға қоныссыз дүние болған болар. Сол себепті де, Маодуньге императордың жалғыз қызының орнына, қарадан шыққан қыз жіберілді. Үйсін гуьнмосына ұзатылған екі ханшайым да Ву императордың қыздары емес, билеуші әулетке қарсы шығып, өлім жазасына кесілген отбасылардың мүшелері болды. Жабайы елдің билеушісіне тиіп, көшпелілер арасында тұру ханшалар үшін өз әулетінің «абыройсыз» әрекетін өтеуге мүмкіндік ретінде ұсынылған шығар. Жат жерде жүріп, өмірлерінің соңына дейін қытай патшалығына, императорға қызмет етуін тоқтатпауы міндет болды.

Үйсін еліне түскен Цзею ханша ордада 50 жылдай болды. Осы жылдар арасында үш рет тұрмыс құрған ханшаның соңғы некесі 37 жылға жалғасады. Өзіне жүктелген міндетті Цзею ханша «абыроймен» атқарып шығады. Қытай мен үйсін елінің одақ құрып, ғұндарға қарсы бас көтеруіне осы ханша себепкер болады. Нәтижесінде б.з.д. 71 жылы үйсіндер ғұндарды жеңеді. Цзею ханша болса жетпіс жасында қытай астанасы Чаньанға оралу мәртебесіне қол жеткізеді. Б.з.д. 51 жылы елге оралған қытай ханшасының Хань империясы алдында сіңірген еңбегі бағаланып, оған жер мен қызметшілер бөлінеді. Елу

жылдай өмірін үйсін ордасында өткізіп, қызметін аяқтағаннан кейін еліне келген Цзею ханша 72 жасында дүние салады (Pan Yihong, 1997).

Осы кезден бастап қытай билеушілері мен көшпелі мемлекеттермен арадағы әулеттік неке-лер өз жемісін бере бастайды. Әулеттерінен қыз беру саясаты солтүстіктегі қуатты көршілерінің мемлекеттік істеріне араласуға мүмкіндік беретін инструмент екенін Хань патшалығы түсініп, бұл саясат көшпелілерді әлсіретіп, олардан Қытайға төнетін қауіпті сөйілтудің негізі әдісіне айналады.

Б.з.д. дейінгі I ғасырға дейін ғұн және қытай арадағы жауластыққа қарамастан терезесі тең елдер есебінде байланыс орнатып, «бауырластық» сипатта қарым-қатынас құрған еді. Екіге бөлінгеннен кейін оңтүстік ғұндар мен қытай арасындағы «бейбітшілік пен туыстық» байланыс «күйеу бала» мен «қайын ата» сипатын алады. Б.з.д. 33 жылы Хань патшасы оңтүстік ғұн ордасына текті жерден шыққан бес қызды ұзатады (Pan Yihong, 1997: 101). Осы қалыңдықтардың ішінде Ван Чао чун дегені тарихта айтарлықтай із қалдырады. Төңіркүтқа ұл туып берген Ван, ғұн билеушісінің қазасынан кейін еліне оралғысы келіп, қытай патшасына өтініш білдіреді. Император ванның ғұн дәстүріне бағынуын талап етеді. Ван әмеңгерлік жолымен жаңа төңіркүтқа тиеді. Осы некеден туған екі қыздың бірі кейіннен ғұн ордасындағы ақсүйекке тұрмысқа шығып, Хань империясының жақтаушысы болады (Pan Yihong, 1997: 101).

Қытай патшалықтары мен жужан елі арасындағы әулетаралық некелер тарихы да өте қызықты жолмен өрбіді. Алайда, біз тек ғұн, үйсін және алғашқы түрік қағандары тәжірибесін алғандықтан, бірден түрік-қытай әулеттік неке дәстүрінің ерекшелігіне тоқталайық. VI ғасырдың 50-70 жылдары Түрік қағанаты Маньчжуриядан Кавказға дейін, Оңтүстік Сібір мен Оңтүстік Оралдан Иранға дейін аймақты қол астына қаратты. Түріктер Солтүстік Қытай патшалықтарымен сауда қатынас орнатып, әскери одақ пен әулеттік неке келісімдерін жасасты (Ганиев, 2023: 420).

Түрік-қытай әулеттік неке тарихы Тумэнь (Орхон-Енисей жазбаларындағы Бумын) қағаннан бастау алады. Батыс Жужандарға бағынышты түріктер Батыс Вэй патшалығымен байланыс орната бастайды. Осы кезде Қытай жерінде Лян (502-557 жж.), Солтүстік Ци (550-577 жж.), Батыс Вэй (535-557 жж.) патшалықтары билік құрған (Гумилев, 1967: 69). 545 жылы түріктерге қытайдан соғды елшісі келеді. Түрік-қытай дип-

ломатиялық қарым қатынасы да, әулеттік неке-лер тарихы да осыдан бастау алады. Бұл қарым-қатынас екі жаққа да тиімді еді. Түріктермен одақ Батыс Вэй патшалығына Ци патшалығы алдында артықшылық берсе, түріктер жужандармен күресте өзіне одақтас тапты. Келесі жылы түріктер Батыс Вэй еліне елші аттандырады. 551 жылы ғұн заманынан келе жатқан ескі дәстүрге сай Вэй әулетінен шыққан Чанле ханша түрік билеушісі Тумэньге ұзатылады (Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері, 2006: 121).

Батыс Вэй патшалығының орнын басқан Солтүстік Чжоу патшалығы (557-581 жж) да Түрік қағанатымен арадағы әулеттік неке құру саясатын жалғастырады. Осы арқылы ол бақталасы Солтүстік Циден басым түсуді көздеді. Ғұн және үйсін заманындағы қытай патшалықтары әулеттік некені көшпелі жауларын тыныштандырып, оларды әлсірету тәсілі ретінде қолданған болса, алғашқы Түрік қағанаты тұсында қытай патшалықтары бұл әдісті бір-бірін жеңу үшін қолданды.

Түрік және Қытай елі арасындағы әулеттік неке тек біржақты жүрмеді. Әулетаралық неке саясатының шет елдік әулеттен шыққан қалыңдықтың қытайлық «сарайға түсу» дәстүрінің көріністері де болды. Түрік қағанатының күш жинап, қытай патшалықтарының бір-бірімен жауласқан алтыншы ғасыр ортасында Чжоу және Ци елі түрік қағанының қызына құда түсіп, қағанға сый-сияпат жарыса ұсынған. «Ол кезде Чжоу әулеті Ци патшалығымен жауласып, араларындағы соғыс ұзақ жылдар толастамаған. Осыған байланысты Чжоу әулеті үнемі туцзюелермен одақтасып, оларды сыртқы көмек күші ретінде пайдаланған... Мұқан қаған өзінің қызын Гаоцзуға (543-578 жж. билік құрған Солтүстік Чжоу патшасы (Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері, 2006: 145) атастыруға келісімін береді. Алайда екі ел арасындағы неке бекімей жатып, Ци патшалығы да оның қызына құда түсіп, елші жібереді» (Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері, 2006: 124-125).

Чжоу патшалығы жағына шыққан Мұқан қаған Ци патшалығына қарсы одақ құрады. Ци патшалығына қарсы бірлескен жорықтан кейін қаған қызын Гаоцзуға ұзатуға келісімін береді. Қаған қызын алып кетуге 565 жылы келген қытай елшілігі тек 568 жылы ғана түрік ханшасын әкетті (Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері, 2006: 126, 148]. Осы үш жыл ішінде қаған қайтадан Ци патшалығына қолдау танытып, ақырында бастапқы шешіміне оралады (Ганиев, 2023: 79-80). Осы тарихи кезеңде Түрік қағана-

тының қолдауын алған патшалықтың қай-қайсысы Қытай жерінде басым саяси күшке айналатын. Ал қаған әулетінен қыз алу осы қолдаудың бірден-бір кепілі еді.

«Ашина ханым» деген атпен қытай тарихында із қалдырған Мұқан қағанның қызын «әртүрлі бұйымдары мен жылжымалы орда, сарайда патша ханымына қызмет көрсететін әртүрлі лауазымды 120 адам (Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері, 2006: 148)» бірге барып, «ханымды сән-салтанатпен әкеледі... 568 жылы ханым келіп жеткенде, Гаоцзу патша өзі алдынан шығып, қарсы алу рәсімін өткізеді. Ханым өнді, жүріс-тұрысы да сыпайы, Гаоцзу патша оны қатты құрметтейді (Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері, 2006: 147-148)». 32 жасында дүниеден өткен Ашина ханым сарайда зор құрметке ие болған (Pan Yihong, 1997: 108). Мұқан қағанның қызы Қытай патшаларына ұзатылған алғашқы ханша. Соның өзі бұл оқиғаны ерекшелейді.

Тумэнь қағаннан кейін қытай ханшайымын 579 жылы Таспар қаған айттырады. 580 жылы Чжоу патшалығы қағанға Цяньцзинь ханшайымды ұзатады. Таспар қаған дүние салғаннан кейін Цяньцзинь әменгерлік жолмен Ышбараға қағанға тиді.

Біз ғұн, үйсін, VI ғасырдың ортасындағы түрік қағандары мен қытайдың билеуші әулеттері арасында деректерден көрініс тапқан некелер тарихын сипаттадық. Келтірілген жекелеген оқиғаларға сүйене отырып, орын алған әулетаралық некелерге тән ортақ белгілерге тоқталайық.

Әулеттік неке құрудың реті елшіліктен басталды. Неке құру ұсынысын айтып, бір тараптан елшілік жіберіледі. Некелер тарихын қарасақ, негізінен мұндай ұсыныс саяси одақтас іздеген елден шықты. Неке арқылы «туыс» болуды ұсынған қытай елшіліктері әрдайым бағалы сый-сияпат, жібек мата, азық-түлік қатар әкелді. Қытай ханшайымын ғұн, үйсін ордасына алып келуге келген көш те дәл осы жолмен жүрді. Оған қоса ханшайымға қызмет ететін қызметшілер қатар еріп келді.

Ғұн, үйсін, түрік ордасына түскен қытай ханшайымының ордадағы орны елінің саяси сахнадағы қуатына тікелей тәуелді болды. Үйсін гуньмосының ғұннан және Хань әулетінен алған ханшайымдары ордада екі түрлі дәрежеге ие болған. Ғұн, үйсін, түрік билеушілеріне ұзатылған қытай ханшайымдары орда заңдарына бағынды. Атап айтқанда, олар әменгерлік дәстүрінен атап кете алмады. Алайда олардың қызметін қытай патшасы бағыттап отырды. Осы орайда атап

өтетін жәйт, қытай билеуші әулетіне ұзатылған көшпелілер ханшайымдарының негізгі қызметі қандай болды деген сұрақ әзірше жауапсыз. Олардың да қытай қыздары сияқты тыңшылық қызметі болды ма, жоқ па деген мәселеге жауап беру үшін деректегі мәліметтер жеткіліксіз. Дегенмен, Қытай ордасына аттандырылған ғұн, үйсін, түрік қыздары көп болмағанын ескерсек, көшпелілер саяси дәстүрінде өз әулетінен шыққан ханшайымдарды тыңшы ретінде пайдалану кеңінен тарамаған да болар. Оған қоса, ондай ханшайымдардың саяси маңызды рөл атқарған жайттары да деректерде көп кездеспейді. Және олардың қызметі көшпелілер ордасындағы қытай ханшайымдарымен салыстыруға да келмейді.

Көшпелілерге ұзатылған ханшайымдардың император сарайынан түскен бұйрықты бұлжытпай орындауы қадағаланды. Император әміріне бағынбаған қытай ханшайымдарының көзін күрту оқиғалары Түрік қағанаты тарихында кездеседі. Ұзатылған ханшайымның еліне оралуына тыйым салынған. Алайда, борышын адал өтеген, император алдында еңбегі сіңген Цзею сияқты ханшайымдар кей жағдайда елге оралып, лайықты мәртебеге ие болған. Тәңіркүт, гуньмо не қан қайтыс болғаннан кейін қытай ханшалары императордан нұсқау күткен. Негізінен, император ханшайым түскен елдің салтына бағынып, әменгерлік жолын ұстануды талап еткен. Қытай ханшайымдарының көшпелілер ордасындағы заңға мойынсұнғанымен, маңызды сәттерде тек императордың әміріне бағынғаны белгілі. Іс жүзінде олар қытай патшасының нұсқауын жүзеге асырып отырды.

Қорытынды

Әулетаралық неке қытай патшалықтарының далалық көшпелі (ғұн, үйсін, түрік) мемлекеттермен тұрақты достық қатынас орнатып, олардың ордасындағы өз өкілдері арқылы солтүстік көршілердің ішкі және сыртқы саясатына ықпал ету құралы болды. Құдандалық қытай мен көшпелілер дипломатиялық қатынасының сан ғасырлар бойы үзілмей жалғасқан дәстүрлі тәсіліне айналды. Бастапқы кезде өз әлеуетін әлі де болса толық көрсете алмаған бұл әдіс кейінгі ғасырларда жемісін бере бастады. Ғұн және үйсін ордасына түскен қытай ханшайымдары сол дәуірдегі қуатты елдердің күш қатынасына әсере ет алды. Бір орданың әлсіреп, екіншісінің басым түсуіне ықпал жасай алды. Ханшайымдардың мұндай қызметі түрік заманында тіпті шындалып, қытай әулеттері қолында қаруға айналды. Қытай «сарайынан ұзатылған» ханшайымдар талап бойынша келіп түскен орданың ішкі тәртібіне бағынса да, императордың бұйрығын бұлжытпай орындауға міндет болды. Олардың маңызды саяси қадамдары қытай тарапынан қадағаланып отырды. Екі елдің билеуші әулеттері арасындағы неке келісімінің тұрақты ритуалы орнады. Ол ритуал ғұндардан бастап түріктерге дейін аса бір өзгеріске ұшырамады. Ордадағы ханшалардың орны, қызметі, ғасырлар бойы бірізділікті сақтады.

Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруы шеңберінде дайындалды (ЖТН АР25793635).

Әдебиеттер

- Аманова М. (2024). Традиция хэцинь: династические браки между Китаем и Тюркскими государствами в период правления династии Суй. *Отан тарихы*, №27 (2), б. 317-327
- Баринаева Е. (2012). Взаимодействие Китая с западными территориями в древности и средневековье. *Диалог со временем*, Вып. 40, с. 94-117.
- Бичурин Н. (1998). *Собрание сведений о народах обитавших в древности в Средней Азии*. Алматы: Жалын.
- Ганиев Р. (2017). Древние тюрки и Китай в 553-581 гг.: приемы и методы внешней дипломатии. *Вестник Томского государственного университета*, №418, с. 78-84.
- Ганиев Р. (2023). Тюрко-китайские отношения в Центральной и Восточной Азии в VI-VIII веках. *Научный диалог*, Т.12, №4, с.418-431.
- Гумилев Л. (1967). *Древние тюрки*. М.: Наука.
- Кюннер Н. (1961). Китайские известия о народах Южной Сибири, Центральной Азии и Дальнего Востока. М.: Издательство восточной литературы
- Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. *Әулеттік тарихи жылнамалар*. (2006). Алматы: Дайк Пресс, Т.4, 2-бөлім.
- Михайлов М. (2008). Западная Алания в XI веке: эпоха династических браков. *Культурная жизнь Юга России*, № 3 (28), с. 83-85.
- Мухаммадеев А. (2020). Основы престолонаследия и династические браки в Жужаньском государстве. *Народы и религии Евразии*. № 1 (22), с. 29-41

- Намсараева С. (2018). «Договор мира и родства»: о типах альянсных брачных союзов Цинского двора с монголами и китайцами. Гуманитарный вектор, Т. 13, № 4, с. 158–165.
- Непомнин О. (2021). Внешнеполитическая доктрина традиционного Китая, Восточный курьер, Выпуск № 3, Т.4, С. 69-84.
- Таскин В. (1968). *Материалы по истории сюнну (по китайским источникам)*. М.: Наука.
- Тортика А. (2005). Династические браки как элемент внешней и внутренней политики Хазарского государства. Східний світ, № 1, с. 90-106.
- Early modern dynastic marriages and cultural transfer. (2016). London: Routledge is an imprint of the Taylor & Francis Group
- Heqin, interstate alliance by marriage. <http://www.chinaknowledge.de/History/Terms/heqin.html>
- Holmgren J. (1983). Wei-shu Records on the Bestowal of Imperial Princesses during the Northern Wei Dynasty. Paper on Eastern History, №27, p. 21-98.
- Pan Yihong. (1997)7 Marriage Alliances and Chinese Princesses in International Politics from Han through T'ang. Asia Major, Vol.10, Part 1-26 p. 95-131.

References

- Amanova M. (2024). Traditsiya khetsin': dinasticheskiye braki mezhdu Kitayem i Tyurkskimi gosudarstvami v period pravleniya dinastii Suy. Otan tarikhy, №27 (2), b. 317-327 (In Russian)
- Barinova Ye. (2012). Vzaimodeystviye Kitaya s zapadnymi territoriyami v drevnosti i srednevekov'ye. Dialog so vremenem, Vyp. 40, s. 94-117. (In Russian)
- Bichurin N. (1998). Sobraniye svedeniy o narodakh obitavshikh v drevnosti v Sredney Azii. Almaty: Zhaly. (In Russian)
- Ganiyev R. (2017). Drevniye tyurki i Kitay v 553-581 gg.: priyemy i metody vneshney diplomatii. Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta, №418, s. 78-84. (In Russian)
- Ganiyev R. (2023). Tyurko-kitayskiye otnosheniya v Tsentral'noy i Vostochnoy Azii v VI-VIII vekakh. Nauchnyy dialog, T.12, №4, s.418-431. (In Russian)
- Gumilev L. (1967). Drevniye tyurki. M.: Nauka. (In Russian)
- Kyuner N. (1961). Kitayskiye izvestiya o narodakh Yuzhnoy Sibiri, Tsentral'noy Azii i Dal'nego Vostoka.M.: Izdatel'stvo vostochnoy literatury. (In Russian)
- Qazaqstan tarihy turaly qytay derektemeleri. Aulettik tarihy jilnamalar. (2006). Almaty: Dayk Press, T.4, 2-bölim. (In Kazakh)
- Mikhaylov M. (2008). Zapadnaya Alaniya v XI veke: epokha dinasticheskikh brakov. Kul'turnaya zhizn' Yuga Rossii, № 3 (28), s. 83-85. (In Russian)
- Mukhamadeyev A. (2020). Osnovy prestolonaslediya i dinasticheskiye braki v Zhuzhan'skom gosudarstve. Narody i religii Yevrazii. № 1 (22), s. 29-41. (In Russian)
- Namsarayeva S. (2018). «Dogovor mira i rodstva»: o tipakh al'yansnykh brachnykh soyuzov Tsinskogo dvora s mongolami i kitaytsami. Gumanitarnyy vektor, T. 13, № 4, s. 158–165. (In Russian)
- Nepomnin O. (2021). Vneshnepoliticheskaya doktrina traditsionnogo Kitaya, Vostochnyy kur'yer, Vypusk № 3, T.4, S. 69-84. (In Russian)
- Taskin V. (1968). Materialy po istorii sūnnu (po kitajskim istočnikam). M.: Nauka. (In Russian)
- Tortika A. (2005). Dinasticheskiye braki kak element vneshney i vnutrenney politiki Khazarского gosudarstva. Skhidniy svit, № 1, s. 90-106. (In Russian)
- Early modern dynastic marriages and cultural transfer. (2016). London: Routledge is an imprint of the Taylor & Francis Group. (In English)
- Heqin, interstate alliance by marriage. <http://www.chinaknowledge.de/History/Terms/heqin.html> (In English)
- Holmgren J. (1983). Wei-shu Records on the Bestowal of Imperial Princesses during the Northern Wei Dynasty. Paper on Eastern History, №27, p. 21-98. (In English)
- Pan Yihong. (1997). Marriage Alliances and Chinese Princesses in International Politics from Han through T'ang. Asia Major, Vol.10, Part 1-26 p. 95-131. (In English)

Автор туралы мәлімет:

Кожобекова Жанар Базарғалиевна – PhD (тарих), әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан).

Information about the authors:

Kozhabekova Zhanar Bazargalievna – PhD (history), Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan).

Сведения об авторе:

Кожобекова Жанар Базарғалиевна – PhD (история), Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан).

Келін түсті: 12.01.2026
Қабылданды: 25.05.2026